

Қазіргі таңда біздің Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінде «Үш тілде оқыту жүйесі» сәтті жүргізілуде.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасын іске бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 5 қарашадағы № 622, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 9 қарашадағы № 344 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 1066 бірлескен бұйрығы

### **РЕЗЮМЕ**

В статье представлены результаты и значение трехязычной языковой политики в КГУ им. Коркыт Ата. Кроме того, трехсторонняя языковая политика описывается в учебном процессе как метод преподавания биологических дисциплин

### **RESUME**

The article presents the results and significance of the trilingual language policy at the KSU named after Korkyt Ata. In addition, the tripartite language policy is described in the educational process as a method of teaching biological disciplines.

ӘОЖ 328.185

**Г.Ж.Балжанова**, аға оқытушы

**А.Қ.Ибрай**, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

### **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖОЛДАРЫ**

#### **Аннотация**

Бұл мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңыздылығы айтылады. Заң аясындағы күресу жолдарымен қатар оқу-білім, салт-дәстүр, отбасындағы тәрбие мәселелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудағы рөлі қарастырылады.

*Түйін сөздер:* Сыбайлас жемқорлық, заң, білімділік, әділдік, адамгершілік

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет», - деп елбасымыз атап көрсеткендей сыбайлас жемқорлық бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін де, елімізде өмір сүріп жатқан әрбір адам үшін де күрделі мәселе болып отыр. Бұл жағдаймен еліміздің әрбір тұрғыны күнделікті кездесіп тұрады десек, артық айтқандық емес. Жемқорлықтың тамырына көпшілік болып күрескенде ғана балта шабатынымыз белгілі. Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында көптеген тың идеялар мен бағдарламалар іске асырылуда. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. 2015 жылы «Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа Заң қабылданды. Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада өзіндік деңгейде жүзеге асырылуда. Бұл заңдарың мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болу жағдайларын белгілеу, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік сапаларына қойылатын талаптарды арттыру болып табылады[1]. Бірақта бұл заңға немқұрайлы қарайтын кейбір қызметкерлерді көргенде оларға деген сенімсіздік пен күдіктің ұялауы заңдылықта шығар. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Оған не түрткі және ауыз толтырарлық қандай себебі бар деген ойда сауал туады. Ол сұраққа жауап қарастырар болсақ оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Бұл қоғамның мемлекеттік қызметшілерге және лауазымды адамдарға деген сенімнің жоғалуына әкеп соғады. Сыбайлас жемқорлық өз уақытында болып, дәрі беріп емдейтін тұмау секілді сырқат емес. Ол айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен зиян келтіреді. Демек, қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ел болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние– байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие болары хақ. Елбасы жолдауында: «Занды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат еткен сот жүйесі де жолдауда бекітілген тапсырмалардың шындыққа айналып, заңнамалардың талапқа сай орындалуына мүдделілік танытуды міндеті санайды.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың

қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі - лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де орын алуда. Демек бұл жолда қарсы іс-әрекетті екі жақтап қарастыруға болады. Бірінші ол заң аясында. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз күзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе әрқашан Елбасының назарында. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан онымен күрес жүргізу - жалпы ұлттық міндет», - деген болатын.

Біз елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасадық. Алайда, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр.

Сондықтан, Президент жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін атап көрсетті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс.

Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжатында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», - деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей. Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Екінші жағдайда қарастырап болсақ сал-дәстүрмен, тәрбиемен ұштастырсақ. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші бұл сөз талай іске арқау болмақшы. Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім. Тәрбие от басынан басталады, ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығаяуына, қазіргі жаһандану заманында патритоттық сезімді барынша бойына терең сіңдірген, ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азамат шыға ма? Соңғысы болса ләзім. Сондықтан, әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Сонау ата-бабамыздан бойымызға қанмен дарыған кейбір қасиет өзге ұл-өкілдерінің бойынан таба алмайсың. Қазақ халқының даналығында шек жоқ себебі әрбір сөзінде астарлы да тәрбиелік мәні зор. Сонау заманда би шешендеріміз дауды бір сөзімен тоқтатқан. Олар қара қылды қақ жарған әділ қазы болған. Тек билерміз ғана ел билеу ісіне араласып қана қоймай оған қоса ақын, жазушыларымызда өз ойларын

билікке деген алып-қосарларын өз өлең шумақтарымен астарлап жеткізген. Тілге тиек етсек Жиренше шешен өз дәуірінде ханның жанында пйдады кеңестер айтып, халық бұқарасының атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Осындай тарихи ұлы тұлғалардың бізге аңыз-әңгімелері осы заманға дейін жазбаша да ауыздан-ауызызға жатталып таралған. Осындай ата-бабалырымыздан қанымызға сіңген бұл қасиеті заман ағымына байланысты өзгерседе тарих салпыншақтары әлі сақталған. «Адамзат баласының алдында үш айғақты зор міндет тұр: бірі-бейбітшілікті, екіншісі-руханиятты, үшіншісі-табиғатты қорғау һәм сақтап қалу. Бұлардың қай-қайсысы да біздің тіршілігімізді басты бағдары. Бір-бірін толықтыратын ұғымдар.» Осы үш бастауға Қазақстанның ғана емес, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпақшы бүкіл адамзат баласының өмір сүруіне қажетті үш фактор. Мұның ішінде, әсіресе «Руханият» ең алдымен тәлім-тәрбиеге, білімге, адамгершілікке үндейді, болашақ ұрпақтың өн бойына рухани азық сіңіруге тырысады[2]. Өйткені тәлім-тәрбиенің, адамгершілік қасиеттердің адам өмірінде алар орны ерекше. Атақты ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы Әл Фарабидің де «Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген аталы сөзі бар. Осыдан-ақ тәрбиенің адам өміріндегі маңызын көруге болады. Осы тұрғыдан келгенде қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері халыққа ерекше тәрбие береді, адамгершілікке үндейді. Қай қара сөзін алып қарасақта тәрбиелік мәні зор. Мысалы: он сегізінші қара сөзіндегі «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады, одан басқамен оздым ғой деудің өзі - ақымақтық» деген сөзі адамның бірінен бірінің дүниемүлкі немесе атақ-даңқы, алтын-күміс байлығы арқылы емес, оқу, білім арқылы, халыққа қызмет ету арқылы, ар тазалығы арқылы озатындығын айтады. Яғни білімге ұмтылушы жастар үшін адамның қолын бақытқа жеткізетін ілім-білімді игерудің маңызы зор. Сондықтанда біз сіз болып елімізді сыртқы жаудан, ішкі саяси да әлеуметтік мәселелерден, зиян келетін істен, құқық бұзушылықтан бойымызды аулақ салайық. Елбасымыз айтқандай қазіргі заман бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда бізге деп жасалған жағдайды пайдалана отырып еліме нендей пайда келтірем деген ойда болу керек. Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан, мәдениеті асқан, өзіндік салт-дәстүрі бар, салықалы саясат жүргізіп, жүз отыздан астам ұлттың ортақ мекені болып отырған біздің Отанымыз – Қазақстанды мақтан тұту да, елін, жерін сүю, оны қорғау, халыққа қызмет ету де сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың бірде-бір жолы. Сондықтан да «Сыбайлас жемқорлық жоқ ел, өсіп-өркендеуші ел» екенін ұмыпауымыз керек.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Adilet.zan.kz сайтындғы ҚР 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы
2. Egemen.kz сайтындағы елбасының жолдауы

### **РЕЗЮМЕ:**

В статье подчеркивается важность борьбы с коррупцией. Рассматриваются пути борьбы в рамках правовой базы, роль образования, традиции и роль семейного воспитания в борьбе с коррупцией.

### **RESUME**

This article emphasizes the importance of combating corruption. The ways of struggle within the framework of the legal framework, the role of education, traditions and the role of family education in the fight against corruption in the fight against corruption are considered.